

8 Тамыз
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

96 ТАЛАПкер – ГРАНТ иесі!

ҚАЙ УАҚЫТТА ДА БІЛІМ САЛАСЫ БАСТЫ НАЗАРДА. СЕБЕБІ КЕЗ КЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ БОЛАШАҒЫНЫҢ ЖАРҚЫН БОЛУЫ – БІЛІМДІ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА. ХАЛҚЫМЫЗДА «БІЛІМДІНІҢ АЛДЫ ЖАРЫҚ» - ДЕГЕН СӨЗ ДЕ БАР. ӨРБІР КӨЗІ АШЫҚ, КӨКІРЕГІ ОЯУ АЗАМАТ БІЛІМ АЛЫП, ӨЗ ЕЛІНДЕ КЕЗ КЕЛГЕН САЛАДА ТАБЫСТЫ ҚЫЗМЕТ ЕТЕ АЛАДЫ.



Осы ретте, мектеп бітірген әрбір жас түлек мемлекеттік білім грантынан үмітті. Олар жаз басталысымен, ҰБТ тапсырып, онан соң құжат өткізді. Одан кейінгісі зор үмітпен нәтижені күту еді...

Өткен аптаның соңында көпті күттірген мемлекеттік білім беру гранттарының қорытындысы жарияланған-ды. Бірі – қуанып, бөрінін аспанға лақтырса, енді бірінің көңілі түсті. Біздің ауданның талапкерлері де мемлекет есебінен

ұсынылатын тегін білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Биылғы жылы ҰБТ-ге Ойыл ауданынан 161 түлек қатысса, оның 96-сы грант иегері атанды.

Гранттардың басым бөлігін педагогика саласы мен медицина, ауыл шаруашылығы және техникалық мамандықтарын таңдаған түлектер иеленген. Мұнан бөлек облыс әкімі мен әр оқу орындарының ректорлары тарапынан бөлінетін гранттар бар. Ол әлі анықталған жоқ.

Ақжолтай хабардың ақпаратын сұрағанымызда, Ойылдағы білім ордасының қара шаңырағы Ж. Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің директоры Маржан Жонысова,

- Шәкірттеріміздің әрбір жеңісі – біз үшін үлкен бақыт қой. Негізнен мектептегі білім сапасы мен оқу үлгерімінің жоғары болуы қатал тәртіп пен орынды талаптар нәтижесінде келетін үлкен еңбектің нәтижесі. Біздің мектептен ҰБТ-ге қатысқан 22 түлегіміздің

15-і грантқа иеленіп отыр.

Ұжымдағы ауызбіршілік пен білімге деген сүйіспеншілік, ұрпақ алдындағы жауапкершілік пен ізденімпаздық тізе қосқан жерде жетістік те ілесіп жүрмек, - дейді. Расымен де, бірлескен еңбек болмаса жетістікке жету қиын. Ата-ана, оқушы, ұстаздың бірігуі арқылы ғана биылғы талапкерлер осындай нәтижені бағындырып отыр.

**С.ХАМЗИН,
Ойыл септосы.**

ТІЛЕКТІҢ БІРІ – ОЙЫН АЛАҢЫ ЕДІ

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ӘКІМДЕРДІҢ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУЛЕРІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ» ЖАРЛЫҒЫНА СӨЙКЕС ӨТКЕН СӨРСЕНБІ АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУІ КӨПТОҒАЙ ЕЛДІ МЕКЕНІНДЕ БАСТАЛДЫ. ӨР ТОҚСАН САЙЫН ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗУДІҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҰСЫНЫС-ПІКІЛЕРІН, КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША ЖҰМЫСТАНУ.



Ең алдымен аудан басшысы ауданда атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, алдағы жоспарлармен бөлісті. Содан соң ауылға қатысты мәселелерге тоқталды. Кездесуде тұрғындар негізінен ауылдың ортақ әлеуметтік мәселелерін көтерді. Соның бірі - соңғы жылдары Көптоғай ауылдық округінің тұрғындары ауылға балалар ойын алаңының қажеттігін айтқан еді. Сол күні ауыл орталығында балалардың ойын алаңы салтанатты ашылды. Осындай ойын алаңының ашылу салтанатында аудан әкімі ауыл тұрғындарын құттықтаса, ауыл ақсақалдары балалар ойын алаңы бұлдіршіндер үшін үлкен қуаныш деп, атсалысқан барлық азаматтарға алғыстарын айтып, ризашылығын білдірді. Заманауи үлгіде сапалы материалдардан жасалған ойын алаңының ішінде балаларға арналған өткеншекті, сырғанақ, басқа да ойын құрылғылары орнатылған. Ауыл үлкендері бата беріп, әжелер шашуларын шашты. Ал бүлдіршіндерге тегін балмұздақ, түрлі тәттілер таратып, ауыл балалары үшін нағыз мереке алаңы болды.

ГАБАЙҚЫЗЫ.

ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ КЕМШІЛІКТЕР МЕН ҚАТЕЛІКТЕРДІ АРДАДЫ



5 шілдеден 4 тамыз аралығында ауданда жергілікті бюджетті жоспарлау мен атқару, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы, жергілікті бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалану тиімділігіне аудит жүргізілген болатын. Осы орайда өткен сәрсенбі күні аудан әкімдігінде Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясы аудит нәтижелерімен белісу үшін дөңгелек үстел өтті. Аудиторлық іс-шара нәтижелерін талқылаған отырысқа комиссия мүшелері, мекеме басшылары және аудандағы мемлекеттік мекемелердің есепшілері қатысты. Облыстық тексеру комиссиясының мүшесі Г.Тұрмағамбетова «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының аудит объектілеріне қатысты және басқа да заңнама нормаларын түсіндірсе, дөңгелек үстелдің модераторы, аудит тобының жетекшісі А.Төлебаев заңнамадағы

енгізілген өзгерістер мәселелерін, аудит объектілері тарапынан жиі жіберілетін негізгі қателіктерге тоқталып өтті. Сұрақ-жауап форматында өткен отырыс қаржылық пен басқа да бұзушылық түрлері, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңға өзгерістер енгізуге байланысты жаңалықтарға да ерекше назар аударылды. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржылық есептілікті жасауында жол берілген бұзушылықтар, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу рәсімдерін уақтылы өткізу мәселелері талқыланып, мемлекеттік мекемелердегі кадр тапшылығы мәселелері және оларды шешу жолдары айтылды. Сонымен қатар, бірқатар саладағы кемшіліктер айтылды. Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаттары және заң талаптарына қайшы әрекеттер туралы баяндама жасалып, ескере кететін жәйттер сараланды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

«МЕКТЕПKE ЖОЛ» АКЦИЯСЫ — ҚАҰЫРЫМДЫЛЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ҰЛГІСІ

1 тамызда «Мектепке жол» жыл сайынғы республикалық акциясы басталды. Аз қамтылған, көпбалалы, тұрмысы жайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек көрсету, әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмей қалуын болдырмау, алдын алу-ды мақсат тұтқан акция биыл «Жақсылық жаса!» ұранымен өткізіледі.

Акцияға кез-келген адам үлес қоса алады. Республикалық шараға мемлекеттік мекемелер, еріктілер, бизнесмендер, меце-

наттар, үкіметтік емес ұйымдар мен қарапайым жомарт адамдарды белсене қатысуға шақырамыз! Әрбір оқушының жаңа оқу жылына тыңғыллықты дайындықпен баруына ұйытқы болсақ, бұл біздің еліміздің болашағына қосқан үлесіміз!

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік танытып, әр баланың мектепке жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аударайық!

Ойыл ауданының білім бөлімі

МЕДИАЦИЯ МӘМІЛЕГЕ ЖЕЛТІРЕДІ



31 шілде - 4 тамыз аралығында "Ашық есік күні" республикалық акциясы өтті. Осы орайда Ойыл ауылдық әкімшілік ғимаратында орналасқан медиация кабинетінде өткен сейсенбі күні Ойыл аудандық медиаторлар кеңесінің мүшелері шара өткізді. Акция аясында түрлі сұрақтармен келген аудан тұрғындарын Ойыл аудандық бас медиаторы, Ақтөбе облыстық медиаторлар кеңесінің мүшесі, кәсіби медиатор М.Ғабасова, Қайыңды ауылдық округінің қоғамдық медиаторы К.Қосбаева, Кемер ауылдық округінің медиаторлары Н.Нұғманова, А.Өмірғали, Берсиев ауылдық округінің қоғамдық медиаторы Ш.Қауметова қабылдап, мәселелерінің оң шешімін табуына ықпал етіп, кеңестер берді. Мәселелер негізінен қаражат, ананың бала тәрбиесіндегі рөлі, сауда орындарының алдында қайтара алмай жүрген қарыздары аясында болды. Екі жақ мәмілеге келіп, ортақ шешімдер қабылданды.

СУҒА ТҮСУ МАУСЫМЫНЫҢ КАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ
ЖАЗ МЕЗГІЛІНДЕ СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАТАҢ САҚТАҢЫЗДАР! БҰЛ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРҒА ҰРЫНУДАН САҚТАЙДЫ. СУ АЙДЫНДАРЫНДА АДАМДАРДЫҢ АПАТҚА ҰШЫРАУ СЕБЕБІ, СУҒА БАТҚАНДАРДЫҢ ЖАРТЫСЫ ЕРЕЖЕНІ БҰЗҒАН АЗАМАТТАР, ҮШТЕН БІРІ МАС КҮЙІНДЕ, АЛ ҚАЛҒАНДАРЫ – АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАРАУЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАР.



Сондықтан Сіз су айдынында демалып жатсаңыз да, қармақпен балық аулап отырсаңыз да, өрқашан қауіпсіздік ережелерін сақтап жүріңіздер!

Суға шомылу кезіндегі ережелер:

- Тек қана суға шомылу үшін бөлінген жағажайлар мен орындарды пайдаланыңыздар.
- Қоршау белгілерінен әрі бармаңыздар, тыйым салынған орындарда суға шомылмаңыздар.
- Ата-аналар және балалар мекемелерінің жетекшілері! Балалардың қадағалаусыз шомылуына жол бермеңіздер!
- Мас күйде суға шомылуға тыйым салынады.

Суға шомылушыларға кеңес:

- Суға абайлап кіріңіз. Денеңіздің суға бейімделуіне мүмкіндік беріңіз.
- Өзіңізді қалтырауға дейін жеткізбей, 10-15 минутқа дейін ғана шомылыңыз.
- Аяқ-қолыңыз тартылған жағдайда - сасқалақтамаңыз, су бетінде қалуға тырысыңыз және көмекке шақырыңыз.
- Жүзе білмесеңіз, белден жоғары тереңдікке бармаңыз.
- Суға жалғыз шомылмауға тырысыңыз.
- Мас күйде суға шомылуға болмайды.

- Ағысқа түсіп кеткен жағдайда ағысқа қарсы жүзбеңіздер, ағынды жағаға жақындауға пайдаланыңыздар.
- Иірімге түсіп кетсеңіз, үрейге бой алдырмаңыз, терең дем алып, су астына сүңгіңіз де, ағыспен су бетіне шығыңыз.
- Суды тентектіктерге жол бермеңіз. Апат туралы жалған дабыл бермеңіздер. Бір-бірлеріңізден көз жазып қалмаңыздар.
- Қыздырылған күйі суға кіруге және тамақ іше салып суға түсуге болмайды.
- Егер өзіңізді нашар сезінсеңіз, суға шомылуды дереу тоқтатыңыз.
- Үлкен толқындар кезінде шомылмаңыздар және таныс емес орындарда суға секірмеңіздер. Қайықтан, айлақтан және басқа су құрылыстарынан сүңгімеңіздер.
- Жағажай жағалауларымен айдындарын ластанамыздар. Өзіңізбен үй жануарларын әкелмеңіз.

Суға батушыға алғашқы көмек көрсету бойынша ұсыныстар:

Суға батып бара жатқан адамды көре салысымен бірінші айналадағылардың назарын:

«Адам батып бара жатыр!», - деп айғайлап аудару қажет. Өрқашанда суға батушыны құтқаруға ере-

сек адам табылады.

Суға батушыны құтқару кезіндегі үш тәсіл:

Қолтығынан ұстап сүйреу:
Құтқарушы суға батушыны қол астынан ұстап, шалқасынан жүзе отырып сүйреп шығарады.

Шашынан сүйреу,
Суға батушыны бір қолмен шашынан немесе жағасынан ұстап, басын су бетінде ұстауға тырысып, кез келген тәсілмен жүзу,

Шынтағынан жоғары ұстап сүйреу, Суға батушының артынан екі қолынан ұстап артқа қарай тартып, өзі сол (оң) қолын оның қолының астынан арқасына өткізіп, басқа қолынан шынтағынан жоғары ұстап, бір қырымен жүзу.

Есте сақтаңыз!

Зардап шегушінің өмірін тыныс алуы тоқтағаннан кейін 6 минуттан кешіктірмей қайтаруға болады.

Зардап шегушіні судан шығарғаннан кейін:

Есте сақтаңыз:

Зардап шегушінің басын қисайта бұрып аузын құмнан, лайдан тазартыңыз. Осы әрекеттерге 15 секундтан артық уақыт кетпеуі тиіс. Зардап шегушінің дем алуын және тамыр соғысын анықтаңыз.

Бұлар байқалмаған жағдайда ауызбен дем алдыру қажет. Мойын астына киімді орап төсеп, басын барынша шалқайту керек.

Мұрынын қысып тұрып, құтқарушы терең дем алып, зардап шегушінің аузына дем береді.

Үрлеу жиілігі минутына 18-20 рет болуы керек.

Жасанды тыныс берумен бір мезгілде жүрек сыртынан массаж жасауға болады. Төс сүйектің жоғарғы үштен бір бөлігіне алақандарын айқастыра қойып минутына 70 рет жиілікпен басады (5 рет басқанда 1 рет ауа үрлеу). Егер зардап шегушіде жүрек соғысы мен өздігінен тыныс алу пайда болса, оған ес кірді, яғни сіздің әрекетіңіз босқа кеткен жоқ.

Жүрек соғысы мен өздігінен тыныс алу пайда болғаннан кейін бірден құтқарылған адамды қайтадан ішіне аударып жатқызу керек және суды жіюруга тырысу қажет. Ақтөбе облыстық маслихатының 2023 жылғы 5 шілдесіндегі №45 шешіміне сәйкес Ойыл ауданы аумағында орналасқан су объектілерінде шомылуға тыйым салынған жерлер:

Ойыл ауданы					
1	Ойыл өзені	Ойыл ауылы	49.106431414637726°N 54.63844299316407°E	49.1060099910564°N 54.63899016380311°E	187 метр
2	Ойыл өзені	Ойыл ауылы	49.103368988453276°N 54.64972972869874°E	49.10305992577062°N 54.652057886123664°E	61 метр
3	Ойыл өзені	Ойыл ауылы	49.09850102762083°N 54.68856811523438°E	49.09808656156885°N 54.68788146972657°E	68 метр
4	Ойыл өзені	Ойыл ауылы	49.04867906939826°N 54.6921730041504°E	49.04686987832716°N 54.69062805175782°E	229 метр
5	Ойыл өзені	Ойыл ауылы	49.059976029186586°N 54.67989921569825°E	49.05901990327289°N 54.681529998779304°E	159 метр
6	Қуырдақты өзені	Құмжарған ауылы	49.13679960399857°N 54.989147186279304°E	49.1349464856913°N 54.98974800109864°E	210 метр
7	Ойыл өзені	Қаратал ауылы	48.96646999395577°N 54.738693237304695°E	48.96421602714818°N 54.738693237304695°E	250 метр
8	Ойыл өзені	Қаратал ауылы	48.928589829586116°N 54.69131469726563°E	48.92430395529745°N 54.69165802001954°E	477 метр
9	Ойыл өзені	Қаратал ауылы	49.00274483644453°N 54.71581935882569°E	49.00215361053945°N 54.71363067626954°E	172 метр
10	Ойыл өзені	Амангелді ауылы	48.853646831055556°N 54.53922271728516°E	48.85359035574604°N 54.54162597656251°E	175 метр
11	Ойыл өзені	Көптоғай ауылы	48.88574273202369°N 54.38378334045411°E	48.88554519491429°N 54.385414123535156°E	121 метр
12	Ойыл өзені	Көптоғай ауылы	48.896352150148275°N 54.37352657318115°E	48.895167167261256°N 54.37421321868897°E	141 метр
13	Ойыл өзені	Шұбарши ауылы	48.917987254592525°N 54.31554794311524°E	48.91708480384722°N 54.31159973144531°E	305 метр
14	Ойыл өзені	Қоңырат ауылы	49.46466565503903°N 54.94297027587891°E	49.46354998609306°N 54.94451522827149°E	166 метр
15	Ойыл өзені	Кемер ауылы	49.50224884609353°N 54.85748291015626°E	49.50024216453777°N 54.860744447631837°E	324 метр
16	Ойыл өзені	Кемер ауылы	49.46516769777673°N 54.85499382019044°E	49.46410782374151°N 54.85447883605958°E	123 метр
17	Ойыл өзені	Кемер ауылы	49.47688056796211°N 54.83516693115235°E	49.475876717399686°N 54.837055206298835°E	176 метр
18	Ойыл өзені	Кемер ауылы	49.44742573400912°N 54.86591577529908°E	49.44904397798823°N 54.86598014831544°E	179 метр
19	Ойыл өзені	Көсем ауылы	49.46533504421279°N 54.99137878417969°E	49.46488878577976°N 54.99193668365470°E	64 метр
20	Қайыңды өзені	Ақжар ауылы	49.5606295127866°N 55.26612281799317°E	49.55940468090363°N 55.265779495239265°E	138 метр
21	Қайыңды өзені	Ақжар ауылы	49.60715036117516°N 55.31702041625977°E	49.607039120208825°N 55.31461715698243°E	173 метр

Ө.КЕРЕЕВ,
Ойыл ауданы әкімі аппаратының Төтенше жағдайлар мен жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс жөніндегі бас инспекторы.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА СҰЙЫТЫЛҒАН МҰНАЙ ГАЗЫНЫҢ ҚОСЫМША КӨЛЕМІ БӨЛІНДІ



ҚР Энергетика министрлігі жоспарға сәйкес, Ақтөбе облысына биылғы жылдың үшінші тоқсанына 32 945 тонна сұйытылған мұнай газын бөлді, оның ішінде тамыз айына 12 399 тонна. Сонымен қатар, осы айда қосымша 1 213 тонна сұйытылған мұнай газын бөлу туралы шешім қабылданды.

Ақтөбе облысының энергетика және ТКШ басқармасының ақпаратына сүйенсек, 4 тамыздағы жағдай бойынша 2 295 тонна газ жөнелтілді.

Қазіргі уақытта Ақтөбе қаласының автогаз құю станцияларында сұйылтылған газды бөлшек саудадан өткізу құны 1 литр үшін 54 теңгені, ал облыс орталығынан шалғай аудандарда (200 километрден астам) 1 литр үшін 59 тең-

гені құрайды.

Ақтөбе жанармай құю бекеттеріндегі ахуал бақылауда. Облыс әкімі Ералы Тоғжановтың тапсырмасымен басқарма мамандары 47 автогаз құю станциясына барды. Газ 36 бекетте сатылымда болды.

Қалғандарына өнім алдағы екі күнде жеткізіледі.

Д.АЙДАР

EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ҚАТЕ ЕСЕПТЕЛГЕН СОМАЛАРДЫ ҚАЙТАРУ БОЙЫНША ЖАҢА ҚЫЗМЕТТЕР ҚОЛЖЕТІМДІ

Қате есептелген қаражатты қайтару үшін жұмыс беруші eGov.kz порталында өтініш беру керек. Міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарының қате есептелген сомаларын қайтару бойынша жаңа қызметтер жеке кәсіпкерлер болып табылатын заңды және жеке тұлғаларға көрсетіледі.

Соманы қайтару туралы өтінішті Порталда жұмыс берушінің өзі ақша қате есептелген қызметкерлердің атына жібереді. Міндетті зейнетақы жарналарының қате есептелген сомаларын қайтару үшін бір өтініште тек 10 қызметкерге дейін бере алады. Егер сома одан да көп адамдарға түскен болса, онда тағы біреуін толтыру керек.

Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды қайтару бойынша өтініш беру процесі ұқсас, бірақ бұл қызметте өтініш беруші бір уақытта 20 қызметкерге дейін өтініш бере алады.

«Қате аударымдар немесе МЗЖ мен ӘА сомасын қате аудару фактілері жиі кездеседі. Бұған мысал ретінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Орталық филиалы арқылы қағаз түрінде

көрсетілген, алайда өңірлерде қазақстандықтар үшін мұндай мүмкіндік болған жоқ, ол кезде құжаттарды курьерлік қызметтер арқылы жіберіп бір айға дейін жауап күту керек болды. Осындай факторларды ескере отырып, біз ҚР Еңбек министрлігімен бірлесіп бұл қызметті онлайн форматқа ауыстырдық және ақшаны қайтару рәсімін әлдеқайда жеңілдеттік», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин.

Жаңа қызметтер «Азаматтарға»

- «Әлеуметтік қамтамасыз ету» - «Зейнетақымен қатамасыз ету» бөлімінде қолжетімді. Қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың сомасын қайтаруға өтініш беру үшін пайдаланыңыз:
- авторизациядан өту қажет;
- жұмыс берушінің БСК мен ЖСК енгізу керек;
- «Төлем тапсырмасының деректемелерін» көрсету керек;
- көрсетілген деректерді тексеру;
- қайтаруды жүзеге асыратын қызметкерлерді таңдау;
- қайтару сомасын және қайтару себебін көрсету;
- «Ақша қаражатын қайтаруға ар-

налған деректемелерді» көрсету;- тандалған қызметкерлерге келісу туралы өтініш жіберу керек.

Қызметкерлерге (соманы қате есептегендерге) eGov.kz порталының жеке кабинетінде өтінімге келісім беріп, қол қою қажет. Содан кейін өтініш берушіге мәртебелік бетте өтінімге қол қойып, өтінішті өңдеу нәтижесін күту керек.

Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды қайтаруға өтінім беру шарттары бірдей, тек бұл қызметте аударымдарды келісімі талап етілмейді және қайтару себебіне байланысты құжаттарды жүктеу міндеттеледі.

Қызметтердің нәтижесі eGov.kz порталының мәртебелік бетінде және жеке кабинетінде Хабарлама түрінде қолжетімді болады.

Қаражатты қайтару міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалу (есептеу) және аудару қағидалары мен мерзімдеріне және әлеуметтік аударымдарды қайтаруды жүзеге асыру қағидалары мен жағдайларына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

НА EGOV.KZ СТАЛИ ДОСТУПНЫ НОВЫЕ УСЛУГИ ПО ВОЗВРАТУ ОШИБОЧНО ЗАЧИСЛЕННЫХ СУММ

Для возврата ошибочно зачисленных средств работодателю необходимо подать заявку на портале eGov.kz. Новые услуги по возврату ошибочно зачисленных сумм обязательных пенсионных взносов и социальных отчислений оказывается для юридических и физических лиц, являющимся индивидуальными предпринимателями.

Заявление на возврат суммы на Портале направляет сам работодатель на тех сотрудников, на кого ошибочно были зачислены деньги. На одну заявку по возврату ошибочно зачисленных сумм обязательных пенсионных взносов можно подать только до 10 сотрудников. Если сумма ушла большим количеством людей, то необходимо заполнить еще одну.

По возврату излишне (ошибочно) уплаченных социальных отчислений процесс подачи заявки аналогичный, однако в этой услуге заявитель может за раз подавать на 20 сотрудников.

«Часто случаются ошибочные переводы либо зачисления сумм ОПВ и СО. В основном это бывает из-за человеческих факторов, иногда сумма уходит не тому человеку либо в другом размере и т.д. Ранее эти услуги предостав-

лялась в бумажном виде через Центральный филиал Госкорпорации «Правительство для граждан», но такой возможности для казахстанцев в регионах не было, тогда приходилось направлять свои документы через курьерские службы и ждать ответа до месяца. Учитывая такие факторы, мы с Минтрудом РК перевели эту услугу в онлайн формат и намого облегчили процедуру возврата денег», - отметил Председатель Правления АО «Национальные информационные технологии» Ростислав Коняшкин.

Новые услуги доступны в разделе «Гражданам»

- «Социальное обеспечение» - «Пенсионное обеспечение». Для подачи заявления на «Возврат ошибочно зачисленных сумм обязательных пенсионных взносов и (или) пени» пользователю необходимо:
- авторизоваться;
- указать БИК и ИИК банка работодателя;
- указать «Реквизиты платежного поручения»;
- проверить указанные данные;
- выбрать сотрудников, по которым необходимо осуществить возврат;
- указать возвращаемую сумму и причину возврата;

- указать «Реквизиты для возврата денежных средств»;
- отправить запрос на согласование выбранным сотрудникам. Сотрудникам (тем, кому ошибочно зачислили сумму) необходимо согласовать и подписать заявку в личном кабинете портала eGov.kz. После Заявителю необходимо на статусной странице подписать заявку и ожидать результат обработки заявления.

Условия для подачи заявки на возврат излишне (ошибочно) уплаченных социальных отчислений такие же, только в этой услуге не требуется согласие сотрудника и необходимо приложить документы в зависимости от причины возврата.

Результат услуг будет доступен в виде уведомления на статусной странице и в Личном кабинете портала eGov.kz.

Возврат средств будет осуществляться согласно Правилам и срокам, удержания (начисления) и перечисления обязательных пенсионных взносов и Правилам и случаям осуществления возврата излишне (ошибочно) уплаченных социальных отчислений (или) пени за несвоевременную и (или) неполную уплату социальных отчислений.

Управление по связям с общественностью АО «НИТ»

К И Е К Ү Т К Е Н К Ү Н әңгіме

...Бұл шақта жазықсыз тіршілік иесін бақилық жолдан арашалап алып қалуға екі-ақ сағат уақыт жетпей қалған еді...

Майлының етегін түре қойнына кіріп, жотасын жаз жайлаған ел Қарабауырдағы қыстаулықтарына түскелі, он күннен асып барады. Қазанның алғашқы күні. Мал мен жан рахатын табатын қоңыр күздің ғұмыры – алдағы қараша келуден бұрынғы екі-үш жұмалық ғана. Ел шөбін маялап, отындарын түсіріп, қора-қопсыларын жөндеуден өткізіп, қысқа әбден қамданып үлгерген. Шаруаға қолғабыс ететін ойын балаларының да қолдары босаған. Ересек-теулері тайыншаларын мініп, көк бояу теріп, ит айтақтап, шіл қуып, жер қорып желігіп, аз күндік қызыққа бой ұрған...

Жасы кіші Ұранның биылғы ермегі – Аққоян. Аққоян – алдыңғы жылдың наурызында бауырын көтерген аппақ сүйкімді күшік еді. Әкесі Момынбай ел ішінде біреуден алып келген күшікке «Аққоян» атын беріп асыраған.

Момынбай бес жасында әкеден жетім қалған. Жесірліктің қамытын киген шешесі жалғыз ұлдың ертеңі үшін байдын босағасында күндікке жегілген. Содан Момынбай хат тани жүріп, қозы-лақтың соңынан ерді. Заман оңалғанда Үрімжідегі педагогикалық университеттің алғашқы студентінің бірі болып, қолы бақытқа жетті. Жасындағы жетімдік жасытқандықтан болар, кісінің ала жібін аттамайтын, құдайдың момыны-ақ болып ер жеткен.

Қыр ауылының қол асыраған иттерінің сақ болуын ес көретін әдеті. Сақ итсіз көңілдері көншімес те. Аққоянның көлденең көк аттыға көук-көук үріп, дыбыс бергені болмаса, аса сақтығы жоқ. Пунктке келіп-кеткен аттылардың үзеңгісіне шапшитындай адуын да емес, жуас-ақ болып жетілді. Бар айыбы осы. Ұлдың илегіне көніп-ақ келеді. Жем сіреген кенеп қаптың аузын бууға арналған, иірілген жіңішке кендір жіптерді жалғап ұзартаң Ұран Аққоянын жылқыны ноқталағандай ноқталайтын. Өңдік-ішпек, қап сияқтылардың қолына ілінгенін оның арқасына салатынды. Салатын да, жіптерімен айылдап байлайтын. Тіпті, жіптің асқаны болса құйысқан тағып қоятын. Оның бұл әрекетіне ауыл үлкендері ішек-сіпелері қата күлетін. Үй мен Күлтөбенің арасындағы жолды таптайтын да осы екеуі. Булай істеуді осы жылдың жазынан бері бастаған. Әкесі Мөміш (ел-жұрты Момынбайды осылай атайды) жаз бойы жыын-тойларға барарында өзінің атын ерттегенде, кері құнанға да ашама салатын. Осындай сәттерде Мөміш, ұлын жанынан сөл қашықтау тұрғызып қойып: «Мынау жүген, ер салудан бұрын атты ноқталап, жүгендеп аламыз», - деп құнанның басына кигізген жүгеннің әуелі сағалдырығын бекітеді. Жануардың арқасын сауырына қарай бір сипайды. Сипайды да, өңдік салғаннан бастап ер-тұрман әбзелдерін атай тұрып, ат ерттеудің төртібін үйрететін. Осылайша, Ұранның ашамайға танылған сәттері быыл қыстауға көшіп түскенше жалғасын тапты. Кері құнан да қыстың малы болғансын, қыстаудың пісіп, еміп тұрған сонысына жіберілді.

Бес жасты жия бастағанында ер-тұрман әбзелдерін таныған Ұран әрідікте, бесіктегі інісіне айналғаны ғана болмаса, күндіз ойыны – Аққоян. Үйден әріректегі жерге мамағаш тұратын-ды. Мамағаштың ту сыртында кішкентай жертастың үстіне Момынбай мен Күресхан ер-тоқымдарын қоятын. Ұран ойынға әбден берілген күндері ер-тоқымдарды аударып, шашып тастайтын. Бірде Күрекеннің қайыс қанжығасын Аққоянға шайнатып та тастаған. Балалық не істетпесін! Ер-тоқымды кеудесіне дейін көтере алса, итін ерттеп те алар ма еді. Күресқан бұл ауылға Аққояннан екі ай бұрын келіп, ірге қосқан. Ферма әкімшілігінің кадры. Әскерден босап қайтқан. Қанжығасы шайналған ол Аққоянға өшіге бастағандай ма, әлде өткен екі түннен бері жағы сембей ұлығаны құлағына түрпі тиді ме екен, әйтеуір итке ызалы. Тас тошаланың көлеңкесінде созған екі алдыңғы аяғына, басын қойып ұйықтап жатқан Аққоянды бірден көзі шалды. «Сенің қанжығанды шайнаған, бесіктегі Өркен мен әйелің үшеуіне түнімен ұлып ұйқы бермеген ақ ит, өне», - дейтін бір ызалы күй оның ішіне алған күжір мойнын тошалаға қарай бұрып жібермесе, не етер еді? Күресхан аңдып басып, итке жақындап барды. Барды да жуанбас аяқ киім киген шымыр балтырлы аяғымен Аққоянды тақыр қолтықтан сарт еткізіп теуіп қалды. Қоңыр күздің шуағына шомып ұйықтап жатқан иттің жанына бүйірден тосын тиген тепкі батып-ақ кетті-ау, шамасы! Хайуан баласына аяусыз Күрекеннің зәбірінен ит болып көзін ашқаннан бері ащы қаңқылдың бүгін екінші мәрте шығуы болды. Ит қырстаудың артындағы шөп салған жатасты жаңғырта қаңқ-қаңқ... қаша жөнелді. Қаңқылдай барып беткейдегі қидын жанына шоңқақ кетті. Бауырын жерге басыр емес, өзирге. Баққаны – әскери тәртіпте, қаталдыққа көңілі көнген көз алдындағы анау ғана. Ол өзіне қарай бір адым атаса, жотаға қарай жол алмақ. Келсаптай аяқ өкпесіне барынша қатты ұрғанда, шошына атып тұрып қан қақсай зытқанын көріп, қызықтап күлген Ұран, енді, міне, қыңсылай барып, оң жақ қолтығын іскеэлеп отырғанын түйсінгенде сәби жүрегінің ауырғаны сонша: «И... ии...бейшара», - деп тереңнен күрсініп жіберді.

Оның бұл кейісін түсінетін дәуаяқ кадр емес-ті. Аққоянға қадалған көзін тайдырды да, Күлтөбеге қарай аяңдады. Ұран болса Аққоянның төбесінен жотасына дейін сипады. Мойнынан қапсыра құшақтады. Құшағына қыса отырып: «Кешір, мені сүйкімді қояным, таяқ жейтініңді білсем ғой! Сені өзім-ақ оятып жіберер едім. Түндерде ұлығаның әкемдерге де ұнамай жүр, үлкендер ит ұлыса жаман болады дейді. Мен де қорқам, енді ұли көрмеші, иә деші», - деп итінің жабырқау көңілін жұбатқандай, басынан сипаған болды. Ит болса да көзін ашып-жұмып, мүсәпір халін білдіргендей. Аяған досы үйден жуынды әкеліп ита-яғына да құйды. Жанашырлықты ит мақұлықтың түсінуі қайдам! Аққоян әдейі егескендей ұлыған үнін тағы да үш таңға ұластырды. Әйтпесе ит те бола ма? Бұл ұлу Күресханның жүйкесіне әбден тиді. Иттің ұлуын сұмдыққа жорыды ол. Қаны басына шапқан Күрекеннің төзімі түгесілді. Иттің көзін жоюға Ұранның әкесінің келісімін алды.

- Саған бұдан да әдемі, екі құлағы тіп-тік, қасқыр иттің күшігін тауып берем, - деген әке уәдесіне бала көңілі шүбәланбай-ақ сенді. Сенгені соншама, көрші үйдің мына азаматы қыл шылбырын Аққоянның мойнына салғанда, әкесінің

өмірін бұлтармай орындағанына масаттанған сары домалақ ұл, ендігі сәтте ит тағдырының не боларына ой жүгіртпеген еді. Шылбырдың орта тұсынан оң қолына екі орап ұстаған Күресхан Аққоянды емес, ақ қозыдай ақ төбетті сүйрей жөнелді. Бұлқынғанына, қылқынғанына қарамады. Үйдің артқы іргесіне апарды. Бұл жерде там төбесіне қойылған жуан арқалық ағаш бар-ды. Жұмыр ұшы дөдегеден шығып тұратын. Оның артық іргесіне алаңсыз тіршіліктің жан үзер жері – сол тесік болмақ. Ит екеш иттің де тірлігі тағдырының сызған сызығына тоқтағаны ма?! Ақ иттің мойнына оралған болжаусыз ажалдың қыл шылбырының бір ұшы доғаланған тесіктен лып етіп, жерге қарай бағыттала берді. Бағыттала келіп қарулы дененің білегіне оралды, уысына қайталай қысылды. Сол сәттен-ақ жазалы иттің денесі екі метр биік дардағы қасаңға салбырай көтерілді. Жазалаушының қолынан келсе ақ иттің жұмыр басын қасаңның тесігінен өткізіп жіберердей. Үкімнің көз ілестірмес тездікте атқарылғанын жазаланушыны қойып Ұран да аңғарып үлгермеді. Дарда салақтай тырбандаған итін көргенде екі көзі шарасынан шығып, жанарынан сауланған жас алқымына жоси жөнелді. Қылшылбырға қылқынып қырылдаған бейшараның жаны бірден шығып кете алмай, төрт аяғын дәмалысыз сермеп тыпырлауда. Тырнақтары там үйдің дуалына тиген жерін талқандап та жіберді. Ажалдың төбеден келгенін білді ме, қылмойынға киілген қыл тұзақтан сыпырылып, шыбын жаны қалса, ен даланы бетке алып, қарасын батырғысы келе ме, кім білсін?! Соңғы секундында бұл қиялы орындалса, игі еді! Қыл үстіндегі мына тағдырын ойласаң, қыл шылбыр басынан сыпырылмай-ақ, оқыс үзіліп кетіп, дүрс етіп жерге түссе де, есін жия алмай қанша мезгіл жатары Құдайға ғана аян, бұл хайуанның! Бірақ, аузынан спирттің көк жалыны шалқып тұрған жеңдеттің сом білекті қолынан құтылмасы ақиқат еді. Ол осы бір кара тастай қатқан қаталдыққа қайта ойланбай бару үшін ит иесі Мөміштің алдына келуден бұрын су қосылып жалпы сөл қайтқан жүз елу грамм спиртті тартып алған жайы бар-ды...

Ит біразға дейін, төрт аяғын бірдей өрге сермеп, бейне суда мал-тағандай біресе ауаны қармап, біресе дуалдың бетін жанталаса тырналап, шыбын жанын сақтап қалмаққа жоғары тырысып бақты. Бірақ тым кеш болғанын қайдан түсінсін. Шыбығынан шыққан сар түсті сарығы да тамға шашырап кетті. Зәбірден жан тапсырудың қиыны дәл осы да шығар-ау! Сыртынан көруге ауыл үлкендерінің де дәті дауаламағандай, өмір мен өлім шекарасындағы бұл бір арпапалысты «ит қиналса, месімен...» болып, Момынбайдың үйінен шықпағаны да осы еді.

Иттің бірден жантәсілім болмай-тынын түсінген Күресханның енді не жасарын сәби жүрек түсінбеді. Екі аяқты жаналғыш қолындағы жіптің ұшын арқалыққа бірене-ше орап шешілместей байлады. Байлады да, үйіне барып, арқалы үлкен орындық пен бір шәулім ыстық су алып қайта оралды. Дардың жанына келіп бірақ

тоқтағанда, тұздай көздерінің ағы талаурап қызарып-ақ кеткен еді. Аспақтағы ақ иттен басқаны өзирге мүлде көрер емес. Орындыққа шықты. Иттің тіл-тісін көрсете, ырсия ашылған аузына шәугімді көтеріп төне түсті. Төне түсуін тоқтатпаған қалпы, қайнаған суды иттің аузына шорылдата сарқыды. Буы бұрқыраған судың қылқынып тұрған қызыл өңештен қаншасы өткенін Құдай біледі. Көмекейін күйдіріп құртқанын Күресхан ба?! Кек жалыны шалған көңілі су сепкендей басыла берді...

Аққоян оралмасқа кетті. Құбылмалы ғұмырдың хикметіне бола қияметке дейін Ұранның жандүниесінде сақталып қалғандай, осы оқиға. Әке-шешесі түннің тыныштығында ұйқыға кеткен шақта, мұның басы жастыққа тие сала ұйқысы шайдай ашылатып болды. Бұл жағдай төртінші тәуліктің түнімен жалғасын тапты. Төбеттің соңғы тағдыры елес болып, қойнына түней берді. Анасы үйреткендей бисмилласын да айтып байқады. Бірақ көзі бақырайған күйде, бойы үрейден айығар емес. Керісінше, қиналған Аққоян дуалды емес, өзінің сәби көкірегін тырнағандай болды. Шошығанынан: «Әкей! - деп айғайлап та жіберді. Дауысымен бірге кіші дәреті де шығып кетті. Шорт ояңған Момынбай баласының қорыққан жайын түсініп, бауырына баып тыныштандыра бастады. Әке ықыласын серік көрген кішкентай ұл:

- Әкешім, ендігәрі күшік асырмайықш! - деп қолтығына тығыла түспесін бе? - Жарайды, құлыным, - деген келісімін естіген ол, көп көшікпей пыр ете түсті. Көңілі орнықпайдай болған Мөміш, досы Күресханның өзге де бір ерсі қылығын есіне алды, алды да: - Әй, Күресхан-ай, жасамайтын бүлігің болсашы! Баламның сұбу-ханын ұшырғаныңды-ай! Бүйткенше, жаугершілік заманда, үркін алып қаша көшкен қазақтардай қышқашты отқа қыздырып, Аққоянның қоң етін қарып тастасаң ғой, ұлып-үргенде бүкіл іш-құрлысымен екі бүйірі бүлкілдеп, қоса қозғалғанда қарыған жері неге ауырмаса. Сөйтіп, ол да не қылса да артына қарамас па? Уақыт өтіп ол ұлығанын қайталаса, сен қарығаныңды қайталар едің ғой, - деп болымсыз езу тартып мысқылдады. «Жасамайтын бүлігің» дейтінінің де себебі бар. Өткен мамырдың орта тұсы, күн жылынып, мал көкке тойған шақ болатын. Ферманың шешімімен елдің пішпе малдарын пунктке жидырған еді. Пункт – елді мекендегі коллектив мал ұрықтандыру орыны. Көктемде коллективке тиеселі үйір-үйір жылқылар күзеліп, тайлардың сауырына таңба басылатын. Қарашаның ортасы болса қой ұрықтандыру науқаны жүрілетін-ді. Пішпе пішуден қолы сәтке босаған Жия фамилиялы мал дәрігерге Күресхан: «Бұдан туған күшік қасқыр түгіл, тышқан аулап жарытпас», - деп ала бұқашадан алып тасталған жұмыр енді азуына салып, езуінде езіп, жанында жатқан Аққоянды тарпа бассалған еді. Тырп еткізбей төрт аяғын қойша буып, басына жемдорба киізе салып, піштіріп тастаған.

(Басы. Жалғасы көпесі санда)

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРЫНЫҢ (АЛУШЫЛАРЫНЫҢ) 6 АЙДАҒЫ ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСІ 571 МИЛЛАРД ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

2023 жылдың 6 айында БЖЗҚ салымшыларының шоттарына 571,2 млрд теңге мөлшерінде таза инвестициялық кіріс түсті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштерден 233 млрд теңгеге немесе 68,9% артық.

ҚР Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) қамтамасыз еткен зейнетақы активтері бойынша соңғы 12 айдағы кірістілік 7,9% болды.

Инвестициялық кіріс бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалау түріндегі кірістерден, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. тұрады. Зейнетақы активтерін басқаратын ҚР Ұлттық Банкі және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) зейнетақы активтерін еліміздегі және шетелдегі экономиканың сан-алуан секторларының түрлі қаржы құралдарына инвестициялық кіріс алу мақсатында орналастырады. Мұндай әртараптандыру зейнетақы жинақтарының сақталуын және орнықты табыстылығын қамтамасыз етеді.

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтері ҚРҰБ Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық декларацияға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 15 ақпандағы №29 қаулысына сәйкес ИПБ-лар үшін зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесіне сәйкес инвестицияланады.

Әр ИПБ-ның "Зейнетақы актив-

тері сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін инвестициялық портфельді басқарушыларға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 15 ақпандағы № 29 қаулысы шеңберінде зейнетақы активтерін инвестициялаудың өзіндік стратегиялары бар және инвестициялық декларация шеңберінде инвестициялық портфельдің құрылымын дербес айқындайды. Барлық зейнетақы жинақтарының есебін (тіпті олардың бір бөлігін жеке басқарушы компанияларға аударғаннан кейін де) БЖЗҚ жүргізеді. ИПБ инвестициялық қызметімен және кірістілікті көрсеткіштерімен enpf.kz сайтындағы "Көрсеткіштер" - "Инвестициялық қызмет" бөлімінде танысуға болады. Сонымен қатар, әр салымшы enpf.kz сайты немесе ұялы қосымшадағы Жеке кабинетінде өзінің инвестициялық табысын көре алады.

Естеріңізге сала кетейік, зейнетақы активтерінің қысқа уақыт ішіндегі кірістілігі оларды басқару тиімділігінің объективті көрінісін көрсетпейді. БЖЗҚ зейнетақы активтері ұзақ инвестициялық көзжіекке не және инвестициялаудың негізгі мақсаты – ұзақ мерзімді кезеңде нақты табыс алу. Айта кетейік, жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен (1998 жылы) бастап 2023 жылғы 1 шілдеге инвестициялық кірістілік бүкіл кезеңдегі инфляция 719,3% болғанда, өскелең жиынтықпен 763,88% көрсетті. Тиісінше, ұзақ мерзім ішінде жинақталған инвестициялық кіріс инфляциядан асып түсті.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ОТАНДАСТАРЫМЫЗ ЖАРТЫ ЖЫЛ ІШІНДЕ ЖЕКЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТТАРЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ 11, 5 МЛН-НАН АСТАМ ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ АЛДЫ



Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларға (алушыларға) жарты жыл ішінде (01.01.2023ж. бастап 01.07.2023ж. дейін) жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жай-күйі туралы 11,5 млн-нан астам үзінді көшірме берді. Оның ішінде 8,7 млн (75,8%) электрондық форматта, автоматты режимде – 2,5 млн (21,4%), Қор кеңселерінде – 281,2 мыңы (2,4%) беріліпті. Осылайша, ЖЗШ-дан үзінді көшірме беру БЖЗҚ-ның ең танымал қызметі болып қала береді.

Алты айда Қор салымшыларға (алушыларға) 12,5 млн қызмет көрсетті, оның ішінде электрондық форматта – 8,8 млн., автоматты түрде – 2,7 млн. іске асырылған. Тиісінше, қызметтердің 92% қашықтан көрсетілді.

Алайда, кейбір салымшылар (алушылар) БЖЗҚ-ның жеке көрсетілетін қызметін қалайды. 6 айда күндізгі форматта 663,8 мың туған күшік қасқыр түгіл, тышқан аулап жарытпас», - деп ала бұқашадан алып тасталған жұмыр енді азуына салып, езуінде езіп, жанында жатқан Аққоянды тарпа бассалған еді. Тырп еткізбей төрт аяғын қойша буып, басына жемдорба киізе салып, піштіріп тастаған.

кетейік, сізге жақын орналасқан Қор бөлімшесінің мекенжайын www.enpf.kz сайтынан немесе БЖЗҚ/ENPF ұялы қосымшасынан нақтылауға болады.

БЖЗҚ-ның барып қызмет көрсететін бөлімдері де белсенді жұмыс істеуде. Олар 88,6 мыңнан астам қызмет көрсетті, оның 6,6 мыңға жуығы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан адамдарға ұсынылған екен. БЖЗҚ үшін ең маңызды міндет – адамдармен ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу. Оның мақсаты – сауаттылық деңгейін, зейнетақыны қалыптастыру тәсілдері туралы білім деңгейін арттыру, оны жинақтау мен көбейту үрдісіне тарту. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы аясында 17,5 мың жылжымалы таныстырылым өткізілді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20,6% артық. Таныстыру тұсаукесерін өткізу барысында 379 мың адам жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы ақпарат пен жеке ақыл-кеңес алды. БАҚ-та жыл басынан бері 6 ай ішінде БЖЗҚ бастамасы бойынша 22,1 мыңнан астам жарияланым жарық көрді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 29,7% көп.

БЖЗҚ ақыл-кеңес беру қызметтерінің де сапасына ерекше көңіл бөледі. Салымшылар мен алушылар өздеріне қажетті ақпаратты түрлі арналар арқылы, атап айтсақ: 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), www.enpf.kz корпоративтік сайтынан, БЖЗҚ/ENPF ұялы қосымшасында, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боты арқылы және БЖЗҚ-ның Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларынан ала алады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1326 дана. Тапсырыс 1092 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ДӘУІР ДИДАРЫНДАҒЫ ДОМБЫРА

ҚАЗАҚ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ КӨБІ ДОМБЫРА ТЕКТІ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТЫҢ ЕҢ КЕМИ АЛТЫ МЫҢ ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БАР ДЕП ЖОРАМАЛДАЙДЫ. БҰҒАН НЕГІЗ: 1986 ЖЫЛЫ АТАҚТЫ МАЙТӨБЕ ЖАЙЛАУЫНАН ЭТНОГРАФ ЖАҒДА БАБАЛЫҚҰЛЫ ТАПҚАН ТАҢБАЛЫ ТАСҚА ҚАШАЛҒАН БЕЙНЕ, ОНЫҢ НЕОЛИТ ДӘУІРІНІҢ ЖӨДІГЕРІ ЕКЕНІ ЖӨНІНДЕ АРХЕО-ЛОГ К.АҚЫШЕВ БАСТАҒАН ҒАЛЫМДАР ЖАСАҒАН ПАЙЫМ. ҚАЗАҚ ТОПЫРАҒЫНДА КӨНЕ АСПАПТАН БІР БЕЛГІ ҚАЛҒАНДЫҒЫН РАСТАЙТЫН АЙҒАҚ ОСЫ.



Өлбетте, әлгі тастағы кескінді нақ қазақ домбырасының өзі деп айту әбестік болады. Арғы бабалары-ның бірі десек қысынға келетін шығар. Өйткені соншама ықылым зама-налар бойы дүниеден неше бір

көш жеңкіліп, талай жұрт табан аударды. Салт-сана, дәстүр-дағ-ды, таным-түсінік мігірсіз са-пырылысып, мидай араласты. Тіпті түп-тегі бір болуы ықтимал мәдени жаратындылардың өзі – әйтеуір жойылып тынбаған

жағдайда – заман өзгерген сайын жетіліп-жаңарды, түлеп-түрленді. Қазақтың домбырасына атауы да, сырт пошымы да ұқсас музы-калық аспаптардың жер жүзінің әр тарабынан ұшырасуы жай-дан-жай емес.

Туыстас түркі халықтарын алсақ, татар, башқұрт, ноғай арасында «домбыра» сәл-пәл орфография-лық өзгешелікті («домбра», «думбра») ескермесек, сол күйінше аталады. Мұнан өткен дәуірлердегі, дәлірек айтқанда, Ұлық Ұлыс – Алтын Орда кезеңіндегі тарихи тағдыр ортақтығының, мәдени кеңістік бірлігінің ізі көрінетіні анық. «Тауарих-и Булғария» еңбегінің авторы, өйгілі ойшыл Тәжәддин Жалшығұл (башқ. Тәжәтдин Ялсығол; тат. Тәжәтдин Ялчығол) өзінің XVIII-XIX ғасырлар тоғысына тиесілі бір қолжазбасында домбыраның нобайын сызып қалдырып, оны «думбра бит төр-ки» деп атаған. Бұл – «түркілердің домбырасы» деген сөз. Ал сол Жошы ұлысынан жеткен фоль-клорлық мұра – «Төлек пен Сусұлу» (тат. «Туляк и Сусулу»; башқ. «Заятүлек менен һыуһылыу») эпосының бас қаһарманы сүйіктісіне ыстық сөзімін жеткізу үшін өз қолымен домбыра соғып алады. Қазақ жыршылары секілді, башқұрт сәсәңдері де құбайырлар мен өзге эпостық туындыларды дом-быраның сүйемелімен айтқан. Атақты сардар, ақын Салауат Жалайұлының (башқ. Салауат Юлай улы) жанында да осы аспап жүрген деген дерек айтылады.

XIX ғасырдың ортасынан былай қарай, қоғамдағы түрлі фактор-лардың (Ресейдің отаршылдық саясатындағы өзгерістер, эпи-

Қазақтың рухани өмірінде домбы-раның мән-маңызы қаншалықты зор болса, татарлар да бұл ас-паптың қадір-қасиетін жете баға-лаған секілді. Мысалы, олардың мақал-мәтел-дерінің бірқатарында домбыра тойға қатысты сөз өтілсе («Туй үткөч, думбыра кәкмыйлар» - «Той өткен соң, домбыра тар-тылмас», «Туйда думбыраға думбыра белен, тукмакка тукмак белен кайтаралар») - «Тойда дом-быраға думбырамен, жұдырыққа жұдырықпен жауап қайтарылар», «Думбыра туй төшкен өйгө киле-шер» - «Домбыра той болатын үйгө жарасар»), енді бірінде тұр-мыс-тіршіліктегі салмағы есепте-леді («Ни думбыра белмөгән, Ни сызғыра белмөгән» - «Не домбы-ра тарта алмас, не ысыра біл-мес», «Думбырачы думбырачыны күрсө, қылы өзәле, ди» - «Дом-бырашы думбырашыны көрсө, қылы үзіледі», «Аңлағанға чебен тавышы да саз, аңламағанға дум-

Домбыраға жақын әуез бен саз құралы славян жұрттарында да кездеседі. Ол – домра, яғни орыс, украин, беларус халықтарының үш немесе төрт шекті музыкалық аспабы. Атауы түркі тілінен ауысқаны ғылыми тұрғыда мойындалған. Орта ғасырларда кезбе өнер-паздар – скоромохтар тартқан.



бра тавышы да өз» - «Аңдағанға шыбынның ызыңында да өуен бар, аңдамағанға домбыраның үнінде де сарын жоқ», «Қызың-

Осыған орай орыс фольклорында «рад скомрах о своих домрах», «у Ерёмы гусли, у Фомы домра» деген оралымдар кездеседі. Тіпті «домрадан» Домрин, Домрачёв, Домрачов, Домрачев, Домра-чиев секілді әулеттік есімдер, сондай-ақ Домрянка, Домраче-во және Домрино сияқты қоныс атаулары пайда болған. Мәске-

ның үз иркенө куйсаң, думбрачы-ша барыр» - «Қызыңды өз өркіне қойсаң, домбырашының өтегінен ұстар»).

удегі патша сарайында домра тартушыларды «домрачей» деп атаған. Ақыр соңы скомоухтар-дың өнеріне шіркеу мен патша өкіметі тыйым салды. Сөйтіп, қол-даныстан шығып қалған домраны соның үлгісімен жасалған бала-лайка ығыстырды. Қазір домра қайта қалпына келтіріліп, сахна төрінен көрініп жүр.

Домбыраның Араб, Парсы, Үнді әлемінде, сондай-ақ түркі халықтарынан – түрік, түрікмен, әзербайжан, өзбек, ұйғыр арасында кең тараған танбур (нұсқалары: тамбур, танпур, тамбури, танбури, төмбур, там-дыра, дутар, тамур, т.б.) атты «алыс ағайыны» да бар. Мағжан Жұмабайұлы өзінің «Түркістан» атты өлеңінде: «Түріктің кім көміткен музыкасын, Фараби тоғыз шекті домбырасын. Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп, Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!», - деп жырлағанда, осы шекті аспапты меңзесе керек. Өйткені Өл-Фараби өзінің «Музыканың ұлы кітабы» трактатында бірі – Бағдаттан, екіншісі Хора-саннан табылған қос танбурды сипаттап, айырмашылықтарын көрсетіп жазған.

Түйіні шешілмеген тақырыптың бірі – «домбыра» мен «танбур» атауларының шығу төркіні. Бұл теңіректе сан алуан болжам бар. Лингвистердің көбі бұл екі сөздің де түп-тамырын араб пен парсы тілдерінен іздейді. Өлбетте, олар «танбур» атауын «домбыра» атауынан ілгері қояды. Аспап-тың түр-бітіміне немесе дауы-сына жүгініп, соған сәйкес тұжы-

рым жасайтындар да жолығады. Ол бағыттағы тұжырымдар да бір-біріне қабыса қоймайды. «Қай аспап бұрын пайда болған?» де-ген сауалға да біржақты жауап жоқ. Осы орайда түркі дүниесінің үлкен ойшылы Әбдірауф Фитрат-тың 1927 жылы жарыққа шыққан «Өзбек классикалық музыкасы және оның тарихы» атты еңбегі еске түседі. Батыс пен Шығы-

стың, сондай-ақ түркі әлемінің музыкалық өнерін жетік зерттеген ғалым, керісінше, «танбур» атауы «домбыра» атауының өзгеріске түскен пішіні деп санайды. «Ха-лық арасында өздерін қобызбен немесе домбырамен сүйемел-дейтін жыршылар бар, біз олар-ды бахшы» деп атаймыз», - дейді ол. Бұл пайым мәселеге жаңа қы-рынан қарауға мүмкіндік береді.

XIX ғасырда дүмше молдалардың халықтың музыкалық аспаптарын төрк өтіп, жоқ қылу үшін жа-саған өрекеттері аз емес. Сондай сөттің бірінде ірі эпик ақын Қашаған Күржіманұлының өзіне «Бұл не қылған қу ағаш?!» деп дүрсө қоя берген Есқали сұлыға өткір жауап қайтарғаны белгілі. Осы ғажап толғаудың бір тұсында кездесетін: «Қолымдағы ағашым – Алып жүрген домбыра, Тартқан сайын даңғыра», - деген сөздерде терең астар бар. Өйткені домбырасы - домбыра болса, даңғырасы – бақсының аспабы, орысша айтқанда, бубен.

Жалпы, түркілердің ежелгі та-нымына жүгінсек, бақсылардың үстіңгі, ортаңғы және астыңғы дү-ниелерді аралауға аттанғанда мі-нетін көлігі – қолындағы аспабы. Жайшылықта «даңғыра», «тун-гур», «тунур», «туур», т.б. делін-генімен, бақсы ойыны басталған

бойда олардың бейнесі басқаша кейіпке көшеді: мысалы, алтай халықтарының біразында бұлар сол сөтте «ақ аданға» (ақ атанға) айналады. «Қорқыт туралы аңы-здағы кейіпкердің мініп жүретін желмаясы бақсының қобызы (даңғырасы) екендігі көрініп тұр,

Сол секілді, Жанақ ақынның «Рүстем төреге айтқан сөзінің»:

Ал, қолыма тидің бе, қарағайым, Қарағайсыз көрөкке жарамайын. Жәп желісті жепмаям, саған мініп, Бұл үш жүздің баласын аралайын, - деген кіріспе шумағында айтылатын «қарағай» мен «желмаяның» да қобыз-аспап пен қобыз-көліктің көр-көм бейнелері екендігі білінеді. Бұл бақсылық пен байырғы ақындықтың бір-біріне бөтен болмағандығын байқатады.

Сонымен, «домбыра» атауының бастау-бұлағын арғы шеті қола дәуіріне барып тірелетін, беріде қоғамдағы функциясы сан тар-

мақталып кеткен бақсылықтан қа-растырған жөн бе деп ойлаймыз. «Домбыра» сөзінің қос бөліктен тұратынына талас жоқ,

- деп жазады көрнекті фольклор-шы Е.Тұрсынов, - Қорқыттың дүниенің төрт бұрышын шарлап шығуы – бақсының ойын кезінде қобыз-түйесіне мініп, тірілер дү-ниесін, көк аспан дүниесін, өлілер дүниесін шарлап шыққанымен тең».

Белгілі археолог А.Д.Грач өзінің «Азия кіндігіндегі ежелгі көшпенділер» атты еңбегінде былай дей-ді: «Тасқа таңбаланған бейнелердің (петроглифтердің - А.Ш.) мән-мағынасын ашып-айқындау этно-графиялық деректерде көпесі негізгі нәрсеге табан тірейді: ол – «буура» атауы арқылы біріктірілетін жануарлар туралы мәселе». Осы орайда түркітанушылар арасында бір-бірінен аса алшақтамайтын топшылаулар мен тұжырымдар орнығыпты. Айталық, А.В.Анохин алғашқыда: «Құманды шамандары «буура» деп Ерлік (жер асты құдайы – А.Ш.) пен басқа да рухтар патшалығына өздері мініп баратын мифтік жылқыларды түсінеді», - деп түйіндесе, соңыра ол ойынан айнып: «Пүра үш ұзын мүйізі бар қошқар түрінде бейнеленеді. Даңғырада бедерленген бұл мақұлықтың саны да өрқашан үшеу болады (уч пүра). Пураның басқа бір түрі ашаланған және ұштарында көлденең өскіні бар таяқша көйпінде суреттеледі», - деп жазды.

Л.П.Потаповтың пікірінше, пе-троглифтер мен бақсының ас-пабында таңбаланған «буура» дегеніміз – ең алдымен бұғы мен маралдың рәмізі. Сондай-ақ, Сібір түркілерінің лексикалық қорындағы «буура» атауы және оған дыбысталуы жақын сөздер көлесі мағыналарда жұмсалады екен: сахаларда – еркек бұғы, бұлан, таутеке; туваларда – еркек бұлан; тофаларда – бұлан; ал-

тайлықтарда – құрбандыққа ша-лынған жылқының «жантерісі»; құмандарда – көк жылқылары. Бұл атаудың ойсылқара нәсіліне тікелей қатыстылығы баршамы-зға белгілі; бүгін түркінің тотемі - беріге де жанастылығы жоқ дей алмаймыз. Ендеше, «буура» сөзінің семантикасында әлдене-ше тарихи қыртыс-қабаттың қор-даланып жатқанын аңғару қиын емес. Ол бастапқыда аң аулау

кәсібінде маңызы мол саналған қайсыбір мүйізді жабайы жануар-ды меңзесе, одан кейінгі кезеңде Сайын-Алтай таулы аймақтары-ның байырғы аборигендері қолға үйреткен бұғының атауына айна-лады; ал үшінші - соңғы сатыда бұғалыққа бағынып, қора-қатанға көндіккен басқа да үй малдарына, солардың ішінде бәрінен бұрын жүгенге түскен жылқыға нысып болады.

«Буура» сөзінің түлеп-түрлену және көп мағыналыққа көшу мезгілі қола дәуіріне сәйкес келеді де, бұл процестің жай-жапсары археологиялық қазба және жота-жартастардағы кескіндеме мәліметтерімен мақұлданады. Мысалы, Алтай өңіріндегі Бірінші Пазырық қорғанынан басына бұғы мүйізінің сірісі (маскасы) кигізілген жылқының табылуы, сол сияқты Аңғара, Енесай және Лена өзендерінің аңғар-ларынан үш мүйізді «төжі» бар адамдар бейнеленген петроглифтердің жолығысуы лингвистикалық айғақтарды тиянақтай түседі. Көптөген жүзжылдықтармен көмкерілген аталған кезеңнің аумағында түркілерге баба болған тайпалардың дәстүрлі таным-түсініктерінде түбегейлі жаңару-жаңғыру тұрақ төуіп, соның себебінен өлікті жерлеу рәсімі, тасқа салынған сүретердің сюжеттік-стильдік сипаты және табиғаттан тысқары күштерді киө, көпиеет тұту көріністері өңін өзгешеледі. Ең өлеулі жаңалық – шаманизм дінінің тамыр тартып, жөлек жаюы; соған сәйкес, бағзы ұғымдағы үстіңгі, ортаңғы және астыңғы дүниелердің арасындағы дөңкереші – бақсы (шаман, қам) тұлғасының қалыптасуы.

Бақсының басты міндеттерінің бірі – ажалмен айқас (буяттар-дың Хара Гыргені, қазақтардың Қорқыты).

Ал оның кесірлі күштерді жеңу жолында сүйенетін жындары-ның сапында «буура» атауымен байланысқан тотемдік жануар-лардың жүруі жайдан-жай емес. Мәселен, Алтай шамандары үшін бұғы мен марал арғы ата болып

Енді «тын» сөзі туралы. 1989 жылы Новосибирскде жарық көр-ген «Оңтүстік Сібір түркілерінің дәстүрлі дүниетанымы: адам және қоғам» атты зерттеудің ав-торлары былайша ой тарқатады: «Түркілердің ырыми мифологи-ялық дәстүрінде «тын» («рух», «жан», «өмір», «дем») категория-сы тіршіліктің ең маңызды сипат-тамаларының бірі болып санала-ды. Бұл лексеманың жәрдемімен жер жүзіндегі – мейлі ол есімдік, жануар немесе адамзат баласы болсын – жанды нәрсенің барша-сы айғақ-атау табады...» . Осыған орай Е.Тұрсынов: «Алтайлықтар-дың түсінігі бойынша әр адамның бірнеше жаны бар, олар: сүне, тын, құт, құла, сұр, жел-салқын және үзут. Адам денесінен «тын» шыққанда, адам өледі деп сенген. Ондайда «тыны чыкты», «тыны

Олай болса, «бура» сөзімен тіркеске түскен «тын» сөзінің жан-жақтылық және жинақта-ушылық қасиеттерине қол қоя отырып, біз оны «домбыра» тер-миніндегі бірінші буынға («дом») теліп-таңамыз. Сөйтіп, «домбыра аспабының алғаш қашан және қалай жасалғандығын айта ал-мағанымызбен, оның атауының «тын-бура» сөзімен түбірлестігін, туыстастығын жорамалдаймыз. Содан соң, «тын» тәрізді, жоғары-да саралап-салмақтаған «буура» («пура», «бура») сөзінің мағына-лық аясы да едәуір кең екен: ол тек жануарлардың түр-тегі-ғана емес, сондай-ақ белгілі бір

саналады әрі «даңғыраның иесі» деп есептеледі. Төлеңгіттер мен тувалардың ортасында аталмыш рух бақсы аспабының сабы түрін-де сипатталады.

Ал телеуттердің түсінігі бойын-ша, шаманның қабілет-қажырын ширатуына және тылсым күштер-мен тілдесуіне жағдай жасайтын құдіреттің аты – «тын-бура», яғни «бақсының жануар кейпіне кірген



үзүлді» деп айтатын», - деп жа-зады. Бұған қосымша, адамдар-дың арасындағы тілдік қарым-қа-тынасты қамтамасыз өту, есіту мен дыбыс шығару қызметтері де дәстүрлі дүниетаным бойын-ша дем алу процесіне тәуелді деп түсінілген. Сол себепті түркі

кеңіл-күйдің ауанын да білдіретін болып шықты. Бұл ретте тілпа-нушы Ә.Нұрмағамбетовтың: «Бу-ряттарда «бура» сөзі «құтырған» мағынасын береді. Шынында да, айыр түйе еркегі көктем кезін-де еліреді. Ашуланып, ызылану-ды қазақ тілінің өзінде де «бур» түбірлест сөзбен берілетіндігін батырлар жырынан да кезде-стіреміз: «Буырқанды, бұрсанды, Мұздай темір құрсанды». Сөйтіп, «бура» - еліру, құтырудың ерте-дегі дыбыстық тұлғасы», - деген дйектемесі ойға оралады.

Міне, жараған яки шабынған бура, жауға шапқан батыр және жында-рын шақырған бақсының экстазға

жаны».

Бақсының «тын-бурадан» айы-рылғаны - өлгені; сондықтан қар-сыласымен сайысқа түскен сөт-те оны әркез көзден таса тұсқа «тығып қоюға» мәжбүр. Ол – бойдың қуаты, ойдың сауаты іспетті. Шамандардың өз шөкірт-теріне «тын-бураны» сыйлауы рухани сабақтастық ретінде қа-былданған.

лексикасында әмбебап тан/тын түбірінен тарайтын сөздер ды-быс тарату мен құлақтың функ-циясына қатысты ұғымдарды өз ара байланысты өтіп белгілеп-бе-дерлейді («тыңдау», «тыңқыл-дау», «тоңқылдақ», «дүңкілдеу», «дыңғырлау», т.с.с.).

түскен шақтарындағы әлдебір ұқсастық тілде осылай тиянақ та-пқан. Қысқасы, «тын-бура» сөзі бақсының көпкен тілдескен күйлі кезіндегі қимыл-қозғалысты да, шабыт-шамырқанысты да, мағы-на-мазмұнды да, кейіпкер-киені де толық тұтастықта қамтып тұра-ды. Біз «тын-бура» және «домбыра» сөздерінің түркілік дәстүрлі дү-ниетаным аясында сабақтасып жатқандығын, сондай-ақ олардың семантикалық бірлігі бақсылық дініне байланысты туындағанын айта аламыз.

Амантай ШӨРІП,
ҚазҰҒА корреспондент-мүшесі